

2006 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 189-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қарауға арналған материалдарды уақтылы дайындауды және енгізуді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 3 шілдедегі
N 189-ө өкімімен

бекітілген

2006 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде қаралатын мәселелердің тізбесі

Күні	Мәселенің атауы	Дайындау үшін жауаптылар	Баяндамашылар
1	2	3	4
25.07.	2006 жылдың бірінші тоқсандағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2006 жылдың екінші жарты жылдығына арналған міндеттер туралы	Экономика бюджеттік жоспарлау министрлігі	К.Қ. Мәсімов
25.07.	2006 жылдың бірінші жарты жылдығына мемлекеттік бюджеттің атқарылу қорытындылары туралы	Қаржы министрлігі	Н.А. Коржова
15.08.	Қазақстан Республикасының "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" және "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын 2007-2009 жылдарға арналған кепілдік берілген трансферт туралы" заң жобалары туралы	Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	К.Қ. Мәсімов
15.08.	2006 жылдың екінші тоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың желілік кестесінің орындалуы туралы	Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	К.Қ. Мәсімов
12.09.		Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	Н.Ә. Ысқақов

	Балқаш - Алакөл бассейнін орнықты дамытуды қамтамасыз етудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасының жобасы туралы		
12.09.	Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдердің ставкалары туралы	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	Н.Ә. Ысқақов
12.09.	Қазақстан Республикасында "KAZSAT-1" және "KAZSAT-2" байланыс спутниктері тобын құру туралы	Ақпараттандыру және байланыс агенттігі	А.Қ. Жұмағалиев
12.09.	Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі жөніндегі ниетін ескере отырып, қазақстандық тауарлардың ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілігін дамыту құралы ретінде қорғау, демпингке қарсы және өтем шараларын қолдану практикасы туралы	Индустрия және сауда министрлігі	В.С. Школьник
26.09.	Инфляциялық процестерді мониторингілеу және реттеу нәтижелері	Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Ұлттық Банк	К.Қ. Мәсімов Ә.Ғ. Сәйденов
26.09.	2006 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы	Индустрия және сауда министрлігі Қаржы министрлігі	В.С. Школьник Н.А. Коржова